



Қош келдіңіздер!

Ұйымдастыру кезеңі.

Есім – акроним.

Өз есімінің бастапқы әріптерінен өзін сипаттайтын сын есімдер келтіру.

Н - нәзік

А - ақылды

Б - байсалды

И - инабатты


Р - рақымды

А- ақкөңіл

Топқа бөлу.



**Фигуралар бойынша
топқа бөлу.**



**ОҚЫТУ ҮШІН
БАҒАЛАУ
ЖӘНЕ ОҚУДЫ
БАҒАЛАУ**

Коучинг сессияның мақсаты:

Коучинг сессия қатысушыларына «оқуды бағалау»(суммативті бағалау) және «оқыту үшін бағалау» (формативті бағалау), критериалды бағалау түсініктерін қалыптастыру, формативті бағалаудың оқыту үшін тиімділігін үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- 1. Бағалауды біледі.**
- 2. Бағалаудың түрлерін ажыратады**
- 3. Бағалаудың түрлерін коучинг сессияда пайдаланады**
- 4. Бағалаудың түрлеріне мысалдар келтіре отырып, талдайды**
- 5. Формативті бағалаудың күнделікті сабақта пайдалану арқылы оқу үрдісін жақсарту, оқушыларды оқытуға жетелеу, критерий – дескрипторды пайдалану арқылы бағалауды үйренеді**
- 6. Бағалаудың білім сапасын жақсартудың нақты құралы, екендігіне көз жеткізеді.**

Постермен жұмыс:

1 топ: Баға дегеніміз не?

Бағаның оқушы үшін қандай маңызы бар?

2 топ: Бағаның қандай түрлерін білесіздер?

Күнделікті сабақта бағаның қандай түрлерін қолданасыздар?

3 топ: Бағаның білім сапасын арттыруда маңызы қаншалықта?

4 топ: Бағаның тиімді және тиімсіз жақтары?

**Сыныптағы бағалау тек техникалық тәсіл ғана емес.
Мұғалімдер жазбаша немесе
ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар
қолданатын кез келген нысанның
артында тек қана объективті немесе жеткілікті
дәрежеде объективті емес нормалар мен
стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы,
оқуы және ынтасы туралы түсінік,
сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-
жігер сияқты ұғымдарға қатысты
құндылықтар жатады.**

Александр, 2001

*«Бағалау» термині «жақын отыру»
дегенді білдіретін латын сөзінен
шыққан.*

*Бағалау – одан арғы білім алу туралы
шешімді қабылдау мақсатымен
оқытудың нәтижелерін
жүйелі түрде жиынтықтауға
бағытталған қызметті белгілеу үшін
қолданылатын термин.*

Бағалау



Формативті (Оқыту үшін бағалау)

- Оқушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын
- Қандай бағытта даму керектігін
- Қажетті деңгейге қалай жету керектігін анықтайды

Қалыптастырушы (күнделікті)
бағалау

(Суммативті) Оқуды бағалау

- Оқушы қазіргі уақытта оқып білгенін жинақтайды
- Тест
 - Бақылау, зертханалық жұмыстар
 - Диктант
 - Мазмұндама
 - Шығарма т.б.

Негізгі (жиынтық) бағалау

Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау

Қалыптастырушы	Жиынтық
Оқыту үшін бағалау	Оқуды бағалау
Ынталандырушы	Жиынтық
Мысалы: мадақтап қолдау, бір сабақтың бағасы	Мысалы: ҰБТ, тоқсандық баға....

Бағалаудың мақсаты

- Оқытудың қиындықтарын анықтау;
- Жетістіктер туралы кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін);
- Уәж;
- Болжау және сұрыптау;
- Стандарттарды бақылау және орындау;
- Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін бақылау.

Мұғалімнің бағалаудағы ролі

Мұғалімнің ролі

Мұғалім тәлімгер ретінде

Мұғалім жетекші ретінде

Мұғалім есепке алу
маманы ретінде

Мұғалім баяндамашы
ретінде

Мақсаттары

Кері байланысты және әр
оқушыға қолдау көрсету

Жұмыс үрдісіне бағыттау
үшін диагностикалық
ақпарат жинақтау

Оқушылардың өсуі мен
жетістіктерін жазу

Оқушы жетістіктерін ата-
анасына, оқушылар мен
мектеп әкімшілігіне
хабарлау

**БАҒАЛАУ – ОҚУ
ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІ ЖОСПАРЛЫ,
ЖҮЙЕЛІ ЖИНАҚТАЛҒАН ІС-
ӘРЕКЕТТІҢ ӘР ТҮРІНЕ
ҚАТЫСТЫ ОҚУ САПАСЫНА
ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА БЕРЕТІН
КАТЕГОРИЯ.**

Критерийалды бағалау

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

Formative

(формирующее / текущее)

Оқыту барысында

Кері байланыс береді

Оқушыларға өз жұмыстарын
түзетуге көмектеседі

Мұғалімдерге өз жұмысын
жоспарлауға жәрдемдеседі

ЖИЫНТЫҚ

Summative (итоговое)

Әдетте тақырыптың, бөлімнің
соңында

Қорытынды тұжырым береді

Оқушыларға нені
үйренгендігін көрсетуге
мүмкіндік береді

Қалыптастырушы бағалау (оқыту үшін бағалау)

- *Формативтік бағалау белгілі бір сызбалар арқылы оқу үдерісінің тиімділігі мен дұрыс бағытын анықтап, мұғалім көмегімен оқушылардың оқудағы мұқтаждықтарын анықтауға және алдағы қадамдарын жоспарлауға мүмкіндік беретін оқудағы жетістіктерін ұғынуға және бақылауға мүмкіндік беретін бағалау түрі.*
- *1989 – 1999 жылдардағы Бағалау Реформасының Тобы (Assessment Reform Group) зерттеу тобы еңбегінің жариялануы нәтижесінде пайда болды.*

Критерийалды бағалау жүйесін жасақтау кезеңдері

4 ҚАДАМ

Пәннің нақты тақырыптары бойынша критерийалды бағалауды жүзеге асыру

3 ҚАДАМ


Бағалаудың критерийалды шкаласын жасау

2 ҚАДАМ

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жалпы критерийлерін әзірлеу

1 ҚАДАМ

Пән бойынша кіріктірілген эксперименталды оқу бағдарламасын меңгеру, мақсаттары мен міндеттерін анықтау



Оқыту үшін бағалаудың түпкілікті нәтижесі

- *Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз етуі;*
- *Оқушылардың өзіндік оқуға белсене қатысуы, ретімен өзін өзі бағалауы;*
- *Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқуды түрлендіру;*
- *Бағалаудың оқушы қызығушылығы мен өзін өзі бағалауына әсер етіп, білім алуды түбегейлі өзгертуі;*
- *Өзін-өзі бағалау нәтижесінде оқуын қалай жақсарту қажеттілігін түсініп, сыныптастарымен бірлескен оқу дағдыларын қалыптастыру.*

Бағалаудың жалпы сипаттамасы

3. Бұдан арғы іс-әрекетті анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау.

Мәліметтерді интерпретациялау негізінде қорытынды жасалады, ол бағалауды көздейді. Бұл кезеңде бағалау үдерісі ақпараттың қолдану мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әртүрлі нысанда жүргізіледі.

1. Бақылау (қадағалау)

Қадағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкіндігін анықтау қажет. Іс-әрекетті, баллалардың өзара әңгімесін тыңдап, тапсырманы орындап отырған оқушыларды қадағалау.

Бағалау

2. Алынған мәліметтердің интерпретациясы

Интерпретация – қызығушылық тудыратын мәселелерге, мәселен ерекше дағдылар, көзқарастар немесе оқыту түрлеріне қатысты жүргізіледі. Мұндай өлшемдерді көбінесе критерий деп атап, оларды оқыту мақсаттарына немесе міндеттеріне жатқызады.

Оқытуды жақсартудың 5 қағидасы

Факторлары

Оқушылармен кері байланысты тиімді қамтамасыз ету.

Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.

Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауы

Өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттігі.

Кері байланыс



«Бес саусақ» әдісі

1. **Бас бармақ** – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды.
2. **Балалы үйрек** – бірлесу. Мен топта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кімге риза болдым?
3. **Ортан терек** – ойлау. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
4. **Шылдыр шүмек** – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?
5. **Кішкентай бөбек** – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**